

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»

**Орындаған:
«Шығыстану» мамандығының
1 курс магистранты
Күлес Айнур**

Алматы, 2022ж.

Тәуелсіз мемлекетіміздің ең ірі де маңызды жобаларының бірі – қоғамның санасын жаңғырту. Дәлірек айтсақ, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы туралы айтып отырмын. 2017 жылдың 12 сәуірінде ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы жарық көрді. Осы мақаланың баптары негізінде бұл бағдарлама әзірленген еді.

Қазақстанның тарихи өткені өте бай. Мыңдаған жылдар бойы ата-бабаларымыз, тәуелсіз мемлекетімізді құрып жатқан жеріміз үшін, азаттығымыз үшін күрескен. «Рухани жаңғыру» бағдарламасында Қазақстанның өткеніне де, болашағына да қатысты барлық мәселелер қарастырылған. Мәселен, Қазақ халқының құндылықтарын жаңғырту; Қазақстанның эволюциялық және тарихи өткені арқылы патриоттық түсінікті қалыптастыру; Адамгершілік, рухани және мәдени құндылықтарды сақтау және арттыру; Әлемнің ең дамыған 30 елі қатарына кіру және ұлттық рухқа қатысты негізгі мәселелер.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының басталуы біз ойлағаннан әлдеқайда ертерек болды десек қателеспейміз. 2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы, 2013 жылы «Халық – тарих толқынында» бағдарламасын аясында бастау алған.

Бағдарламаның ерекшелігі, кейбір ескі кертартпа қағидалардан бас тартып, заман сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді рухани жаңғырудың дінгегі ету.

Әр қоғамның ежелден бастау алатын ұлттық коды болады. Ұлттық кодты сақталуының нәтижесінде қоғамда әртүрлі ұлт өкілдері бар. Онсыз жаңғыру мүмкін емес. Жаңғырудың басты шарты ұлттық кодты сақтай білу.

Мақалада: «Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек», – делінген.

Расында да бұл бағдарламаның басты бағыттардың бірі жеке байлықтары мен ұлттық құндылықтарын жете білетін саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ең бастысы, салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымызды негізге ала отырып, жаңа бағытта даму.

Тұңғыш президентіміздің көтерген маңызды мәселесі – туған жерге деген махаббат. Өткен ғасырда түрлі сынақтардан зардап шеккен табиғатымызды қайта қолға алу. Қазақ қашанда өзінің туған жеріне еш зиянын тигізбей, Жер Анаға аса құрметпен қараған. Қазақтың қанында бар сол ерекше қасиетті жоғалтып алмай ұрпағына аманат ету әр азаматтың парызы.

Келесі бағыттардың бірі халықтың бәсекеге қабілетті болу үшін халықаралық стандарттарға сәйкес білімді болуына күш жұмсау. Бәсекеге қабілетті ел болу үшін білімді ұрпақтардың тәрбиеленуі маңызды. Заман ағымы қарқынды дамып келе жатыр, әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттыра алады. Білімді ұрпақ – жарқын болашақ кепілі. Сондықтан келешек ұрпағымызды білімді, білікті, бәсекеге қабілетті етіп тәрбиелеу – бағдарламаның басты ұстанымдарының бірі. Бұл орайда, компьютерлік сауаттылық, шет

тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар ең негізгі алғышарттар болып табылады.

Сонымен қатар, патриоттық тәрбие тұлға қалыптасуының құрамдас бөлігі болып табылады. Осы орайда, бағдарламаның бағыттарының бірі халықтың жүрегінде патриоттық сезімді ояту. Қазақтың ұлтжандылығы, отансүйгіштілігі бұрыннан белгілі. Оған, қазақтың мақал-мәтелдері, аңыз-әңгімелері, батырлар туралы жырлары дәлел. Отан сүйгіштік қасиет, туған жерін, табиғатын құрметтеу халқымыздың бойында ежелден күні бүгінге дейін дәстүрлі түрде жалғасын тауып келе жатыр. Ұлттық мақтаныш сезімі - бұл қоғамның тұрақтануы мен дамуына алып келеді.

Қорытындылай келе, кез келген мемлекеттің гүлденуі үшін рухани құрамдас бөлігінің маңызы зор. Өйткені, ол адамға күш-қуат, өзіне, Отанының жарқын болашағына сенім береді. Ол әлемдік өркениеттердің барлық негіздерінің мызғымастығына ықпал етеді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы осыған бағытталған. Қоғам жаңа заман ағымына бейімделе отырып алға жылжуы керек. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Өзгеру барысында рухани байлығымызды, ұлттық құндылықтарымызды негізге ала отырып, елімізді әлем жұртшылығына басқа қырынан таныстырамыз деген сенімдемін.